

ХАЛЫҚҚА ОНЛАЙН-ПЛАТФОРМАМЕН ТЕГІН ЗАҢ КӨМЕГІН КӨРСЕТУ: ПРОБЛЕМАЛАР МЕН ПЕРСПЕКТИВАСЫ

Әсия Әлімғазықызы Дәулетханова

Заң ғылымдарының кандидаты, «Астана медициналық университеті»
КеАҚ Медициналық құқық және этика кафедрасының доценті; Астана қ.,
Қазақстан Республикасы; e-mail: asiyada@gmail.com; ORCID:
<https://orcid.org/0000-0003-1309-3560>

Аннотация. Мақалада кешенді онлайн-платформаны құруға және оның пайдаланылуына талдау жасалған, сонымен қатар адамдар үшін құқықтық көмек көрсету қолжетімділігі мен сапасын арттырудағы оның әлеуеті сипатталады. Құқықтық көмек көрсету жүйесіндегі қолданыстағы онлайн платформалардың функциялары, кәсіби құқықтық көмекке тегін қолжетімділікті қамтамасыз етуі қарастырылады. Қазақстанда цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы мен мемлекеттік қызметтердің толық цифрлануы жағдайында халыққа құқықтық қызмет көрсету үшін инновациялық онлайн платформаны құру қажеттілігі негізделген. Бұл платформаның қызметі алдағы уақытта әрбір адам мен азаматқа кәсіби заң көмегін алуға және білікті заң көмегін алуға деген Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген құқықты жүзеге асыру мүмкіндігін қамтамасыз етуге бағытталады.

Платформа білім беру мекемелерімен және мемлекеттік порталдармен интеграцияланады, заң қызметтеріне тегін қол жеткізуді қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, жеке деректерді қорғау және киберқауіпсіздік мәселелерін ескеру маңызды, өйткені цифрлық технологияларды қолданудың артуы деректердің өсуі және кибератакалар тәуекелін арттырады, бұған әлем бойынша миллиондаған адамдар күн сайын кездесіп отыр. Осылайша, анық нормативтік-құқықтық негіздерді әзірлеу және елдер арасында ынтымақтастық алдыңғы қатарлы технологияларды, мысалы, жасанды интеллект пен процестерді автоматтандыруды бейімдеу және енгізу процесін жылдамдатуы мүмкін.

Мақала жобалық зерттеу жұмыстары аясында дайындалған. Зерттеудің мақсаты білім беру қызметі мен автоматтандырылған заң көмегін біріктіретін онлайн-платформаны әзірлеу және қолданысқа енгізу болып табылады, осы арқылы Қазақстанда білікті заң көмегіне қол жеткізуді жақсартуға және құқықтық мәдениетті арттыруға қол жеткізуге болады деп күтіледі. Сонымен қатар, заң көмегін көрсетуге қатысты ұқсас онлайн-платформалардың шетелде қолдану тәжірибесі талданады және олардың Қазақстан жағдайына бейімделуі зерттеледі. Мақалада онлайн платформаның Қазақстандағы құқықтық ортаға әсерін өзгерту жолдары жан-жақты қарастырылған, сондай-ақ жаңа форматтағы заң қызметтерін ұсынудың проблемалары мен перспективалары зерттеледі.

Түйінді сөздер: тегін заң көмегі, білікті заң көмегі, конституциялық кепілдіктер, цифрлық технологиялар, онлайн-платформа, заң қызметтерінің қол жетімділігі, «pro bono» қағидаты, халықтың құқықтық санасы, AI нейро смарт платформасы, цифрлық коммуникация.

ОКАЗАНИЕ БЕСПЛАТНОЙ ЮРИДИЧЕСКОЙ ПОМОЩИ НАСЕЛЕНИЮ НА ОНЛАЙН-ПЛАТФОРМЕ: ПРОБЛЕМЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ

Даулетханова Асия Алимгазиевна

Кандидат юридических наук, доцент кафедры медицинского права и этики НАО
«Медицинский университет Астана»; г. Астана, Республика Казахстан; e-mail:
asiyada@gmail.com; ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-1309-3560>

Аннотация. Статья посвящена анализу создания и использования комплексной онлайн-платформы, описывается ее потенциал в повышении доступности и качества юридической помощи для каждого человека и гражданина. Рассмотрены функции существующих цифровых платформ в системе оказания юридической помощи, обеспечивающих бесплатный доступ к квалифицированной юридической помощи. В условиях стремительного развития цифровых технологий в Казахстане и полной цифровизации государственных услуг становится очевидной необходимость создания инновационной онлайн платформы для оказания юридических услуг населению. Эта платформа обеспечит каждому доступ к профессиональной помощи и возможность реализации своих конституционных прав на получение квалифицированной юридической помощи.

Платформа будет интегрирована с образовательными учреждениями и государственными порталами, обеспечивая бесплатный доступ к юридическим услугам. Вместе с тем, важно учитывать вопросы защиты персональных данных и кибербезопасности, так как рост использования цифровых технологий повышает риск утечек данных и кибератак, с чем сталкиваются ежедневно миллионы людей по всему миру. Таким образом, разработка четких нормативно-правовых рамок и сотрудничество между странами могут ускорить процесс адаптации и внедрения передовых технологий, таких как искусственный интеллект и автоматизация процессов.

Статья подготовлена в рамках проектного исследовательского труда. Цель исследования заключается в разработке и внедрении онлайн-платформы, которая объединяет обучающий сервис и автоматизированную систему юридической помощи, с целью улучшения доступа к квалифицированной юридической помощи и повышения правовой культуры в Казахстане. Также в работе анализируется передовой зарубежный опыт использования цифровых онлайн-платформ и их адаптация к условиям Казахстана. В статье представлен всесторонний обзор того, как цифровизация может изменить правовую среду в Казахстане, а также исследуются проблемы и перспективы предоставления юридических услуг в новом формате.

Ключевые слова: бесплатная юридическая помощь, квалифицированная юридическая помощь, конституционные гарантии, цифровые технологии, онлайн-платформа, доступность правовых услуг, принцип «pro bono», правосознание населения, AI нейро смарт платформа, цифровая коммуникация.

PROVIDING FREE LEGAL AID TO THE PUBLIC: ISSUES AND PROSPECTS

Daulet Khanova Assiya Alimgazievna

Candidate of Jurisprudence, Associate Professor of the Department of Medical Law and Ethics of NAO «Astana Medical University»; Astana c., Republic of Kazakhstan;
e-mail: asiyada@gmail.com; ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-1309-3560>

Abstract. The article focuses on the development and utilization of a comprehensive online platform aimed at enhancing the accessibility and quality of legal assistance for citizens. It examines the functions of existing digital platforms in the legal assistance sector that facilitate free access to qualified legal support. Given the rapid advancement of digital technologies in Kazakhstan and the full digitalization of government services, there is a significant need for an innovative digital platform to provide legal assistance to citizens. This online platform will ensure that every citizen has access to professional legal help, thereby enabling them to exercise their constitutional right to receive qualified legal assistance.

The platform will be integrated with educational institutions and government portals, providing free access to legal services. At the same time, it is important to consider issues of personal data protection and cybersecurity, as the increase in the use of digital technologies raises the risk of data breaches and cyberattacks, which millions of people around the world face daily. Therefore, developing clear regulatory frameworks and fostering cooperation between countries can accelerate the process of adapting and implementing advanced technologies such as artificial intelligence and process automation.

This article is part of a project-based research initiative aimed at developing and integrating an online platform that combines both educational services and an automated legal assistance

system. The objective is to enhance access to qualified legal support and promote legal literacy in Kazakhstan. The article also explores international experiences with digital online platforms and discusses their adaptation to the specific context of Kazakhstan. Furthermore, it provides a comprehensive analysis of the potential transformative impact of digitalization on legal frameworks in Kazakhstan, while examining the challenges and opportunities associated with delivering legal aid through this new format.

Keywords: free legal assistance, qualified assistance, constitutional guarantees, digital technologies, online platform, accessibility of legal services, principle «pro bono», public legal awareness, AI Neuro Smart Platform, digital communication.

DOI: 10.52026/2788-5291_2025_80_2_226

Кіріспе

Қазақстан Республикасында тегін заң көмегі жүйесін дамыту арқылы сот төрелігіне баршаның қол жеткізуін AI (artificial intelligence, жасанды интеллект, бұдан әрі - AI) цифрлық мүмкіндіктерімен жетілдіру нейро смарт платформасының ғаламдық трендіне сай келеді. Осы уақытқа дейін мемлекет баршаға қол жетімді тегін заң көмегін көрсетудің нақты әрі өзекті жүйесін құра алған жоқ.

Тегін заң көмегі одан да көбірек қолжетімді болуы үшін Қазақстанда оның цифрлық контурының белсенді қалыптасуы және біртұтас ақпараттық кеңістікті құру жүргізіліп жатыр. Себебі, белгілі болғанындай сот төрелігіне қол жетімділік демократия мен заң үстемдігінің негізгі элементтерінің бірі болып табылады [1, с. 151]. Жалпы, отандық құқық жүйесі жұмысына цифрлық технологияларды енгізу баяғыда басталған. Алайда бұл процесс жылдам қарқынмен жүрмей келеді. Ол әрбір адамның құқық стандарттарына сәйкес өз құқықтарын қорғау қабілетін болжайды. Мұндай жүйе адам мен азаматтарға заң көмегіне қол жеткізуді қамтамасыз етіп қана қоймайды, сонымен қатар құқықтық сауаттылықты дамытуға, өз құқықтары туралы жақсы хабардар болуға және т. б. ықпал етеді. Осы зерттеу жұмысында Қазақстанның сот және құқық қорғау жүйелерінде AI енгізілу мүмкіндіктері мен тәуекелдерін зерттеуге талпыныс жасалады. Негізгі мақсат - цифрландырудың халықаралық тәжірибесін талдап, ең сәтті тәжірибелерді анықтау және оларды Қазақстанның жағдайына бейімдеу. Зерттеу аясында елдегі құқықтық салада онлайн платформаларды дамытуға қатысты ұсынымдар жасалады, бұл құқықтық жүйенің модернизациялануына ғана емес, сонымен қатар Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуына да оң әсерін тигізбек.

Материалдар мен әдістер

Мақаланы жазу барысында ақпаратты жүйелі зерттеуге талдау жасау әдісі, Қазақстандағы тегін заң көмегін көрсетудің даму үдерісі мен шетел тәжірибесіне салыстырмалы әдіс, даму жолына қысқаша шолудың тарихи әдісі, сонымен қатар кешенді түрде зерттеудің салыстырмалы-құқықтық, формалды-құқықтық, анализ және синтез сияқты әдістері де қолданылды.

Талқылау және оның нәтижелері

Халыққа өтеусіз негізде көрсетілетін заң көмегінің идеясы негізінде жақсы бастама. Сенімді заң көмегін қалай алуға болады? Іс жүзінде тегін білікті заң қызметін көрсетуді жүзеге асыру шешуге қиын болатын бірқатар мәселелерге тап болуда. Мәселен, Әділет министрлігінің бастамасымен «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» 2018 жылғы 5 шілдедегі ҚР Заңының 24-бабын жүзеге асыру аясында «Ұлттық ақпараттық технологиялар» акционерлік қоғамы «Е-Заң көмегі» Заң көмегінің бірыңғай ақпараттық жүйесін әзірледі. Бұл жүйенің мақсаты халыққа онлайн білікті заң көмегін тегін көрсету болып айқындалған.

Алайда, іс жүзінде, бұл жүйе қол жетімді әрі сапалы қызметтер көрсете алмауда, ол туралы eur.adilet.gov.kz сайтындағы көптеген пікірлер арқылы көз жеткізуге болады. Сайтта пайдаланушылар қалдырған пікірлерге сүйенсек, сайт жұмысының бақылаусыздығы, көмек тегін көрсетіледі деп жазылса да заңгерлердің төлем талап ететіндігі, қазақ тілінде кеңес алудың қиындығы, кері байланыстың жоқтығы, кеңестің мүмкін еместігі, сапасыздығы, 1414 бірыңғай нөмері арқылы консультацияларға қол жеткізудің қиындығы және т.б. келеңсіздіктер туралы айтылған¹. Бұл қызметті «Zan.komegi» мобильдік қосымшасы арқылы да алуға болады ол үшін

¹ «Е-Заң көмегі» Заң көмегінің бірыңғай ақпараттық жүйесі // URL: <https://eur.adilet.gov.kz/#/cabinet/feedbacks> (жүзінген күні 27.12.2024).

Play Market не App Store арқылы қосымшаны жүктеп, жеке деректерді енгізіп, тіркелу қажет². Алайда, аталған көмек тек заңнамада белгіленген нақты шарттар жүзеге асқан жағдайда ғана белгілі бір субъектілерге ұсынылуы мүмкін.

Ал, отандық құқықтық жүйені өрістету барысында пайдаланылатын негізгі қағидаттар заң шығарушылық барысында айқындалған. Мысалы, Қазақстан Республикасы Конституциясының 13-бабының 3-тармағы арқылы әрбір адамның кәсіби заң көмегін алуға құқық иеленуін [2, с. 128] қамтамасыз ететін тетіктер белгіленген. Сонымен қатар, 2018 жылғы 5 шілдедегі «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабында³ атап көрсетілгендей, осы құқықтық нормаларды іске асырудың негізгі мақсаттары айқындалған. Ескерту ретінде, айтарымыз заң көмегінің көрсетілуі тек Қазақстан Республикасының заңнамасында және басқа да заң актілерінде көзделген ерекше жағдайларда ғана тегін жүзеге асырылуы мүмкін екендігі.

Қазақстан Республикасының «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» Заңының 26-бабына сәйкес, мемлекет кепілдік берген заң көмегін құқықтық ақпарат беру түрінде тегін алу құқық субъектілерінің, атап айтқанда, жеке және заңды тұлғалардың ерікті құқығы болып табылады. Бұл құқықтың негіздемесі мен базалық сипаттамасы Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің 14.3.d) бабында дәйектелген, онда әрбір тұлғаның заңдық қорғанысқа ие болу құқығы нақтыланған. Аталмыш бапта атап көрсетілгендей, адамның өзіне тағайындалған қорғаушының қызметтерін пайдалануға, сондай-ақ, егер олар қорғаушының қызметіне ақы төлеуге қаражаты болмаса, оның көмегін ақысыз алу мүмкіндігі қамтамасыз етілген. Осылайша, әділ сот процесінен тыс қалмау, сондай-ақ заңмен қамтамасыз етілген құқықтық құзыретті жүзеге асыру мақсатында, мемлекет тарапынан заң көмектерінің берілуі арқылы адамның құқықтық қорғалуы жүзеге асырылады.⁴ деп бекітілген. Адам құқықтары жөніндегі Еуропалық Конвенцияның 6.3 (с) бабында да егер адамның «адвокат үшін төлейтін қаражаты болмаса» және

«егер әділсот мүдделері соны талап етсе» [3], адамның тегін заң көмегін алу құқығы тұжырымдалған. Осы базалық құқық негізінде ҚР азаматтарына мемлекет кепілдік берген заң көмегі ұсынылады. Мемлекет кепілдік берген азаматтық істер бойынша ақысыз заң көмегінің екі түрі бар.

Бірінші түрі – құқықтық кеңес беру. Мұндай кеңес беру ауызша және/немесе жазбаша кеңес беруді қоса алғанда, жазбаша нысандағы өтініштерді, шағымдарды, құқықтық сипаттағы басқа да құжаттарды жасауды қамтиды.

Екінші түрі – сотта өкілдік ету. Мұндай нысандағы көмек соттарда, мемлекеттік органдарда және мемлекеттік емес ұйымдарда жеке тұлғалардың мүдделерін қорғауды және ұсынуды қамтиды. Талап қоюшы да, жауапкер де заң көмегін және басқа шығындарды төлеуден босатылуы мүмкін.

Тегін заң көмегінің әрбір түрі үшін мемлекет алу тәртібін айқындады және оны алуға құқығы бар адамдардың санаты белгіленді. Кейбір жағдайларда жүгінген қазақстандық өтеусіз құқықтық кеңес беруге және сотта одан әрі өкілдік етуге, ал басқаларында – тек құқықтық кеңес беруге құқылы.

Мемлекет тарапынан кепілдік берілген заң көмегі тегін көрсетілуімен қатар, жеке тұлғалар тарапынан, атап айтқанда бизнес қауымдастық өкілдерінің әлеуметтік жауапкершілік тұрғысынан да тегін көмек көрсетілетін жағдайлар бар екендігі қуантады. Мәселен, Интернет желісінде жеке заң фирмалары: «Заң кеңесшілері палатасы», «Правовой альянс - Юрправокөмек», «Знамя Фемиды», «JurGuru» және т.б. өздерінің жарнамаларын орналастырған.

Тәжірибе көрсетіп отырғанындай, нәтижесінде, аталған құқықтық институт қоғамның бүгінгі қарқынды әрі заманауи талапқа сай даму жағдайында мазмұндық та, техникалық та жағынан шебер жетілдіруді аса қажет етеді. Сонымен қатар, конституциялық кепілдік берілген заң көмегіне әрбір тұлғаның барынша қол жеткізу қажеттілігі бірнеше факторлар арқылы өз өзектілігін айқын міндеттермен қоса тұжырымдайды:

- біріншіден, қоғамдық құқықтық мәдениеттің жеткіліксіз деңгейі және құқық

² Как найти адвокатов / юридических консультантов и получение онлайн консультаций // URL: https://egov.kz/cms/ru/articles/legal_relations/kak-nayti-advokatov (дата обращения: 08.01.2025).

³ «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2018 жылғы 5 шілдедегі № 176-VI ҚРЗ // URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1800000176> (жүгінген күні: 23.12.2024).

⁴ Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактіні ратификациялау туралы Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 28 қарашадағы № 91 Заңы // URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z050000091> (жүгінген күні: 26.12.2024).

саласында арнайы білімі бар тұлғалардың жедел көмекке деген сұранысының артуымен байланысты.

- екіншіден, табыстың төмен деңгейі көптеген адамдардың білікті құқықтық көмекке жүгінуін қиындататын фактор болып табылады, өз кезегінде, құқықтық көмек ақысыз берілмеген жағдайда, бұл көмекке қол жеткізуі шектеледі.

Ал инновациялық онлайн платформа арқылы көрсетілетін заң көмегінің түпкілікті айырмашылығы - барлық санаттағы адамдарға көрсетілетін нысанында.

Біріншіден, мұндай заң көмегі тегін көрсетіледі. Көмек тек тегін ғана емес, сонымен қатар білікті болуы оның ажырамас талабы. Тегін заң көмегінің құрамдас бөліктері бірнешеу: ол сұқбат, клиенттерге кеңес беру, құқықтық позицияны талдау, құрастыру, процестік құжаттарды, кәсіби этиканы сақтау. Осының барлығын цифрлық технологияларды қолдана отырып жүргізу, әлдеқайда сәтті нұсқа деп пайымдаймыз. Заң көмегі уақыттың шындығына сәйкес келуі керек, сонда ғана ол тиімді болады.

Серпінді жылдам дамып жатқан әлемде, кез келген жағдайда құқықтық мәселелер кенеттен туындауы мүмкін. Сондай жағдайда онлайн режимінде тегін заң кеңесін алу мүмкіндігі жай ғана ыңғайлылық емес, қажеттілік болып табылады. Жол-көлік оқиғасы, жылжымайтын мүлік, еңбек даулары немесе мұра мәселелері болсын, әрқайсымыз кәсіби кеңес өте маңызды болатын жағдайға тап болуымыз әбден мүмкін. Бұл тұрғыда заң көмегін тегін ұсынатын онлайн қызметтер қажетсіз шығындар мен уақытты жоғалтпай сараптамалық қолдау көрсету арқылы алдыңғы қатарға шығады.

Бүгінгі күнге дейін Қазақстанда адвокат-мамандарды құқықтық дауларға тарту – адам мен азаматтың жеке мүдделерін толық қорғау қажеттілігіне орай қызмет түрін көрсетумен байланысты болып келді. Алайда, тәжірибе көрсетіп отырғандай, жалпы жұртшылықтың қалтасы жұқа болып не қаржы үнемдеу үшін заң көмегіне жүгінуден аулақ болуға тырысады, әрі іс жүзінде бұл үлкен шығындарға алып келетіндігі мәлім. Тіпті заңгер мамандығы бар азаматтардың өзі бір жағынан, заңнамадағы өзекті өзгерістерге әрдайым ілесе бермейді, екінші жағынан мамандану саласы сәйкес келмеуі мүмкін, сондықтан білікті маманның кеңесін алу зәрулігі туындайды. Осындай жағдайларда тегін, сауатты, қол жетімді заң кеңесін қайдан және қалай алуға болады?

Сондықтан, адамдардың түрлі жағдайларға тап болғанында, бірақ нарық жағдайында заң көмегіне ақы төлеу мүмкіндігі шектеулі және құқықтық мәселелерді шешуге тура келгенде өзі қол жетімді әрі жылдам шешім қабылдауға көмектесетін Е-қосымшаның болуы аса өзекті тақырыптардың бірі.

Қоғамдық пайдалы мақсаттарға қол жеткізу жолында заң көмегін «Pro bono» қағидаттары бойынша көрсету идеясы көпшіліктің қолдауына ие болатын жоба деп пайымдаймыз. Бұл платформаны іске асыру арқылы әлеуметтік және қоғамдық аспектілерді бірізділікте жүзеге асыру көзделеді. Мысалы, заң қоғамдастығының назарын өзекті әлеуметтік мәселелерге аудару арқылы заң саласының қол жетімділігін жаңа деңгейге алып шығуға болады. Таяу болашақта жаңа заң көмегі платформасы коммуникацияны жақсартудың, өзекті ақпарат алудың және елдегі заң көмегінің деңгейін арттырудың маңызды құралы болмақ.

Бұл бірлескен жұмысты нәтижелі ету үшін идеялар мен үздік тәжірибелермен бөлісуге арналған бірегей платформа құрылады. Бұл мақсатқа жету үшін Қазақстанда білікті заң көмегіне қолжетімділікті жақсарту және құқықтық мәдениетті арттыру үшін оқыту сервисі мен заң көмегінің автоматтандырылған жүйесінің өзара әрекеттесуі мүмкіндіктерін дамытуды және кеңейтуді біріктіретін онлайн-платформаны әзірлеу және оны қолданысқа енгізу қажет. Мұндай платформа заң қызметтеріне тегін қол жеткізуді қамтамасыз ете отырып, білім беру мекемелерін және мемлекеттік порталдарды біріктіретін болады. Ұсынылып отырған бірегей онлайн платформа жүйесіне сәйкес заң қызметтерін көрсету механизмі, бір жағынан, адвокаттар алқалары, заң кеңселері, сондай-ақ жеке практикамен айналысатын заңгерлерді қамтитын көпжақты құрылыммен белгіленеді, ал екінші жағынан, заң клиникаларының бірлескен қызметі арқылы жүзеге асырылады. Бұл екі топтың қызметтері құқықтық көмек көрсету нарығында бәсекелестікке ұшырамай, керісінше, өзара толықтырушы рөл атқаратын болады деп пайымдаймыз.

Қазіргі таңда тегін заң көмегін ұйымдастыру жүйесі көптеген мемлекеттерде, атап айтқанда, Австрия, Австралия, Албания, Бельгия, Ұлыбритания, Нидерланд, Германия, Дания, Израиль, Канада, Португалия, Солтүстік Ирландия, АҚШ, Финляндия, Франция, Швеция, Ресей, Қырғызстан, Оңтүстік Африка Республикасы, сондай-ақ Еуропалық Одаққа мүше барлық

елдерде кеңінен қолданылуда. Бұл тәжірибе құқықтық қолжетімділікті арттыру, азаматтардың құқықтық мәдениетін дамыту, сондай-ақ құқық қорғау жүйесін құрудағы әлеуметтік теңдікке қол жеткізу бағытында маңызды рөл атқаруда.

Осыған ұқсас интеллектуалды құқықтық консультация жүйелері Швеция мен Данияда іске асырылған, нақты айтқанда, олар AI-ға негізделген жүйеде азаматтарға бастапқы заң кеңесін беретін автоматтандырылған чат-боттар мен виртуалды көмекшілер арқылы жүзеге асырылған. Өз кезегінде, ТМД мемлекеттері әлем бойынша AI-ды сот процестерін оңтайландыру, құқыққа қолжетімділікті кеңейту және сот шешімдерінің дәлдігін арттыру үшін пайдаланып жатыр. Бұл тенденция Нидерланды, Франция, Ұлыбритания, АҚШ және Қытай сияқты елдерде айқын байқалады, өйткені AI басқарған ұлттық жүйелер сот пен құқық қорғау органдарына сәтті енгізілген.

Бұл жаңалықтар сот процестерінің тиімділігін арттырып қана қоймай, соттарға әкімшілік жүктемені төмендетіп, сот шешімдерінің сапасын жақсартады. Батыс Еуропа, Оңтүстік Америка және Канада елдерінің тәжірибесі цифрлық технологиялардың құқықтық жүйеге енгізілуінің әлеуметтік-экономикалық жағымды әсерін көрсетіп, мемлекеттік қызметтердің дамуына ықпал етіп жатыр. Қазақстан үшін орталықтандырылған цифрлық онлайн платформаларды және болжау аналитикасы жүйесін құру сияқты осындай қадамдар сот жүйесінің тиімділігін айтарлықтай арттырып, құқыққа қолжетімділікті жеңілдетуі мүмкін.

Ұлыбританиядағы болжамды полиция PredPol жүйесі ресурстарды тиімді бөлісуде, ал Франциядағы онлайн платформа Portalis құқықтық процестерді заманауи ету жөніндегі инновациялардың маңыздылығын көрсетеді. Германия мен Нидерландтағы электрондық құжат тапсыру жүйелері мен бейнеконференциялардың белсенді қолданылуы, сондай-ақ азаматтық және әкімшілік істерді цифрландыруға бағытталған бағдарламалар соттардың жұмысын жеңілдетуге және шығындарды азайтуға мүмкіндік беретінін көрсетеді. Оңтүстік Америкада Бразилиядағы EJP жүйесі сот процестерінің толық цифрландыруына, ал Аргентинадағы Access to Justice Centers бағдарламасы шалғай және тәуекелді аймақтардағы азаматтар үшін құқықтық қызметтердің қолжетімділігін жеңілдететінін айғақтайды.

Канададағы көптеген юрисдикция дең-

гейлері арасындағы күш-жігерді үйлестіру мен онлайн қызметтерді кеңейтудегі тәжірибе цифрландырудың кешенді тәсілді және ынтымақтасуды талап ететінін көрсетеді.

Қазақстан үшін халықаралық тәжірибені зерделеу, соның ішінде құқық қорғау саласында цифрландыруды және жасанды интеллектіні енгізу стратегиялық маңызды қадам болып табылады. Қытай, Қырғызстан, Өзбекстан және Аргентина мемлекеттерінің тәжірибесі шектелген ресурстарға қарамастан, осал топтарға құқықтық көмек көрсету үшін тиімді онлайн платформаларды құру мүмкіндігін көрсетеді. Бұл платформалар іс жүргізу мерзімдерін қысқартуға және құқықтық жүйеге сенім деңгейін арттыруға көмектеседі. Мысалы, Қытайда «Ақылды соттар» және шағымдар мен консультациялар алу үшін онлайн платформаларды белсенді түрде дамытып, құқық қорғауды ең шалғай ауылдардың тұрғындарына да қолжетімді етуге бағытталған жасанды интеллект мүмкіндіктері кеңінен пайдаланылуда.

Бүгін, Қазақстан сот жүйесінің ашықтығын арттыруға, процестік кідірістерді қысқартуға және халықтың сот төрелігіне деген сенімін нығайтуға бағытталған құқықтық саладағы белсенді реформалар сатысында тұр. Жасанды интеллект технологиялары мен онлайн-платформаларды енгізу көптеген мәселелерді шешуге қабілеті зор, оның ішінде шалғай аймақтарда білікті заңгерлердің жетіспеушілігі, құқықтық көмекке қол жеткізудің қиындығы және құжат айналымының төмен тиімділігі де өз шешімін табар еді. Ұлттық ерекшеліктерді ескере отырып, үздік әлемдік тәжірибелерді бейімдеу Қазақстанға заң үстемдігін нығайтуға және барлық адамдар үшін тең құқықтарды қамтамасыз етуге ықпал ететін цифрлық сот төрелігінің заманауи моделін жасауға мүмкіндік береді.

Аталған платформа жұмысы құқық бұзушылықтардың санын азайту, адам мен азаматтардың құқыққа қарсы әрекеттер мен әрекетсіздіктерден қорғану деңгейін арттыру, сондай-ақ кез келген адамның білікті заң көмегін алуға деген ажырамас әрі конституциялық құқығын қамтамасыз ету жолында базалық талаптарды қанағаттандырады әрі оларды тиімді іске асыру үшін жағдайлар жасауды мақсат тұтады. Бұл ретте құқықтық білім беру мен құқықтық тәрбиелеуді күшейту және азаматтардың құқықтық сауаттылығын жоғары деңгейге көтеру сияқты негізгі талаптар ескеріледі.

Платформаның құрамындағы оқыту сервисі, заң көмегі жүйесі және заңгерлердің

автоматтандырылған жұмыс процесі пайдаланушылар үшін сапалы заң қызметтеріне ыңғайлы қол жетімділікті қамтамасыз етеді. Бұл халықтың құқықтық сауаттылығын арттыруға ықпал ете отырып, халыққа құқықтық мәселелер бойынша қажетті қолдауды көрсетуге мүмкіндік береді.

Білім беру платформалары өз жұмысын бастаған жағдайда Қазақстан Республикасы азаматтарының құқықтық сауаттылығын арттыруға ықпал етеді, сонымен қатар құқық бұзушылықтардың тәуекелін және алаяқтықтың орын алу ықтималдығын айтарлықтай төмендетеді. Бұл платформалар халыққа құқықтық салада өз мүдделерін тиімді қорғауға, қолданыстағы құқықтық құралдарды қарқынды түрде қолдануға, сондай-ақ ақпараттық ресурстар мен заң көмегіне қолжетімділікті кеңейтуге мүмкіндік береді.

Жасанды интеллект негізіндегі білім беру жүйесі пайдаланушылардың индивидуалдік қажеттіліктеріне сәйкес оқыту мен консультацияларды жекелендіруге жол ашады. Мұндай тәсілдер материалдарды игерудің сапасын арттырып, көрсетілетін құқықтық қызметтердің тиімділігін де арттыра түседі.

Білім беру мекемелерімен тығыз интеграция, теориялық білім мен практикалық дағдылардың үйлесуін қамтамасыз ете отырып, құқықтық саладағы болашақ мамандарды даярлау сапасын едәуір жақсартды. Нәтижесінде, бұл мамандардың еңбек нарығында бәсекеге қабілеттіліктерін арттыра отырып, құқықтық білімнің жоғарғы деңгейін қалыптастырады.

Қорытынды

Зерттеу білікті заң көмегін тегін көрсету саласындағы цифрландырудың Қазақстанда құқықтық қызмет көрсету саласында ақпараттық технологияларды пайдалану практикасының қазіргі уақытта қалыптасу, жетілдіру және белсенді даму кезеңінде екенін көрсетіп отыр. Білікті заң көмегіне қол жеткізу құқығы демократиялық қоғамның басты негіздерінің кепілі болып табылады. Мұндай көмектің жоғары дәрежеде ұйымдастырылуы әрі мемлекет тарапынан қолдау жасалуы әрбір адам мен азаматтың қауіпсіздігі.

Соған орай 2026 жылға дейін мемлекет қолдауымен бірегей онлайн платформаның жасалуына және оның жемісті жұмыс істеп кетуіне әрекет жасауымыздың және жоғарыда баяндалғанның негізінде мынадай күтілетін нәтижелер мен ұсынымдарды тұжырымдауға болады:

1. Халыққа арналған инновациялық

бірыңғай онлайн-платформаны дамыту, адам мен азаматтардың құқықтарын қорғау механизмдері мен құралдары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзғаны үшін жауапкершілік туралы ақпаратты қамти отырып, компьютер және мобильді қосымша арқылы онлайн режимінде білікті заң көмегіне тегін қол жеткізуді қамтамасыз ету маңызды міндет болып табылады. Бұл онлайн платформа азаматтарға құқықтық сауаттылықты арттыруға, құқықтық көмекке жедел қол жеткізуге және заңнамалық мәселелер жөніндегі ақпараттық ресурс ретінде қызмет етуге бағытталмақ.

2. Инновациялық онлайн-платформаның тиімді жұмыс істеуі үшін оны жоғары оқу орындарының білім беру жүйелерімен, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік порталымен және мемлекеттің ақпараттық жүйелерімен интеграциялау, мұндағы интеграция процесі мемлекеттіу органдар уәкілдерінің келісімі негізінде іске асырылуы қажет. Ал, интеграция мүмкіндіктері платформаға түрлі мемлекеттік қызметтерге қолжетімділікті кеңейту және азаматтардың құқықтық сауаттылығын арттыру бойынша бірлескен жобаларды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін болады.

3. Халықты құқықтық ақпаратпен толық қамтамасыз ету және құқықтық мәселелер бойынша түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру мақсатында заңтану саласындағы жетекші мамандардың (жоғары оқу орындарының оқытушылары, адвокаттар, заң кеңесшілері, ғылым кандидаттары, ғылым докторлары және т.б.) онлайн-консультациялары мен вебинарларын өткізу маңызды болып табылады. Аталған шаралар адам мен азаматтардың құқықтық мәдениетін қалыптастырып, олардың заңгерлік білімін арттырады.

4. Халыққа кері байланысты қамтамасыз ету мақсатында iOS/Android мобильді қосымшасында заң мәселелері бойынша халық үшін онлайн-консультант ретінде жасанды интеллектті пайдалану мүмкіндігін қарастыру. Бұл қосымша халықтың жиі кездесетін құқықтық сауалдарын шешу үшін дауыстық және мәтіндік көмекшіні интеграциялауды қамтамасыз етеді. Технологиялық шешімдер арқылы қолданушылар енгізген ақпарат негізінде деректерді талдау және ұсыным жүйелерін қалыптастыру арқылы жекелеген заңгерлермен байланысу мүмкіндігін арттыру. Жасанды интеллекттің алгоритмдері қолданушының сұрау салуы бойынша ұсынылатын заңгердің мамандануы мен тәжірибесіне негізделген тізімді қалыптастыруға мүмкін-

дік береді. Нәтижесінде, азаматтар құқықтық көмекті оңай әрі тиімді түрде ала алады.

5. Сот істерінің нәтижелерін болжау құралдарын әзірлеу – бұл құқықтық қызметтер көрсету жүйесін реформалаудың маңызды аспектісі. Деректерді біріктіру негізінде сот процестерінің нәтижелерін болжауға қабілетті алгоритмдерді жасауды қарастырады. Бұл құралдар тарихи сот мәліметтерін, тараптардың қатысуын, дәлелдемелердің сапасын және өзге де факторларды ескеріп, болжау алгоритмдерін әзірлеуге бағытталған. Сот процестерінің нәтижелерін тиімді болжау азаматтардың құқықтық қауіпсіздігін арттыруға, даулы істердің уақытын қысқартуға, сондай-ақ, құқық қорғау жүйесіне іскерлік моделін енгізуге мүмкіндік береді.

6. Құқықтық дауларды шешуде жасанды интеллектінің мүмкіндіктерін пайдалану технологиялары құқықтық практиканың аса өзекті бағыттарының бірі болып табылады. Бұл технологиялар, бүгінгі күні, заңды талдау жүйелерін құру, жалпылама құқықтық рәсімдерді автоматтандыру және құқықтық ақпаратты басқару саласында кеңінен қолданылууда. Жасанды интеллекттің негізінде жатқан алгоритмдер мен машиналық оқыту модельдері, құқық қорғау органдары мен заңгерлерге негізделген дәлелдер мен аргументтерді талдауда, сонымен қатар даулардың ықтимал нәтижелерін болжауда көмегі айтарлықтай болады деп күтілуде. Осылайша, жүйелер мен құралдарды ықпалдастыру, заңгерлердің тиімді шешімдер қабылдау ықтималдығын арттырады, себебі олар даулардың динамикасын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Бұл зерттеулер мен әзірлемелер, құқықтық процестің жылдамдығын және нәтижелілігін күшейте отырып, адам мен азаматтардың заңды құқықтарын қорғауға арналған стандарттарды да жақсартуға ықпалын тигізеді.

7. Сонымен қатар, еліміздегі жоғары оқу орындарының заң клиникаларының

фронт-офистерін біріздендіру мен интеграциялау, атап айтқанда, Қазақстан Республикасының ЖОО-да бейінді емес мамандықтар қатарында да заң клиникаларын ашу арқылы, бірыңғай қол жеткізу және мониторинг жүйесін әзірлеу, заңдық көмек көрсетуде тиімділікті арттыруға септігін тигізеді. Мұндай шаралар студенттердің тәжірибесін байытуға, құқықтық білім мен белсенді азаматтық позицияны қалыптастыруға арналған практикалық дағдыларын жетілдіруге мүмкіндік береді.

8. Жасанды интеллект және машиналық оқыту әдістерін қолдана отырып, статистикалық талдау және болжау механизмдерін интеграциялау негізінде заңгер, адвокат немесе судья профилін қалыптастыру арқылы қаралатын істерді санаттарға бөлудің тиімді жүйесін енгізу заң саласындағы қызметкерлер үшін ақпараттық құралдар мен кәсіби шешімдерді қабылдау процесін елеулі түрде жақсарты алады. Мұндай тәсілдер, құқықтық мәліметтер базаларын және олардың статистикалық өңдеуін пайдалана отырып, іс жүргізу жұмыстарын автоматтандыру арқылы келешекте болатын атқарушылық шешімдердің ықтималдылығын бағалау құралдарын ұсынады.

9. Нақты уақыт режимінде іс жүргізудің барысын қадағалауға мүмкіндік беретін заманауи жүйеге интеграцияланған шешімдерді қолдану, өзара байланысқан платформалар арқылы, істің нәтижесінің ағымдағы ықтималдылығын анықтап, пайдаланушыларға сараптамалық ақпарат ұсыну арқылы құқық қорғау органдары мен судьялар үшін дәйекті және тиімді дәлелдемелерді жинақтауға ықпал етеді. Бұл процесс мемлекеттік органдар мен адвокаттық қауымдастық арасында ақпарат алмасуды жеделдетеді, сот ісін жүргізу ашықтығын арттырады, адам мен азаматтардың құқықтарын қорғауды нығайтады.

Осы еңбек Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің қаржыландыруымен өткізілген BR24993166 «Кешенді инновациялық онлайн платформа, автоматтандырылған құқықтық көмек жүйесі және заңгерлердің жұмысын автоматтандырудың бірыңғай жүйесі» ғылыми зерттеулерді гранттық қаржыландыру бағдарламасы гранты аясында жүзеге асырылды.

ӘДЕБИЕТ

1. Какимова М.Ш. Основы теории государства и права: Учебник. - Астана: Фолиант, 2007. – 256 с.
2. Конституция Республики Казахстан: Научно-практический комментарий к Конституции Республики Казахстан / [Под редакцией И.И. Рогова [и др.]; Фонд Первого Президента РК-Елбасы, Конституционный Совет РК; М-во юстиции РК – Астана, 2018. - 640 стр. - Раздел 2, статья 13. - С. 128. (дата обращения: 17.12.2024).
3. Саяпин С. Следует ли Казахстану ратифицировать Европейскую конвенцию о защите прав человека? // URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=35064919&pos=5;-106#pos=5;-106 (дата обращения: 19.12.2024).

REFERENCES

1. Kakimova M.Sh. Osnovy teorii gosudarstva i prava: Uchebnik. - Astana: Foliant, 2007. – 256 s.
2. Konstitutsiya Respubliki Kazahstan: Nauchno-prakticheskiy kommentariy k Konstitutsii Respubliki Kazahstan / [Pod redaktsiei I.I. Rogova [i dr.]; Fond Pervogo Prezidenta RK-Elbasy, Konstitutsionnyi Sovet RK; M-vo yustitsii RK – Astana, 2018. - 640 str. - Razdel 2, statya 13. - S. 128. (data obrashheniya: 17.12.2024).
3. Sayapin S. Sleduet li Kazahstanu ratificirovat Yevropeiskuyu konventsuyu o zashhite prav cheloveka? // URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=35064919&pos=5;-106#pos=5;-106 (data obrashheniya: 19.12.2024).